

Қытай Халық Республикасында және Украинада шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін мырышталған прокатқа қатысты демпингке қарсы бажды енгізу арқылы демпингке қарсы шараны қолдану туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 209 шешімі

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) 107-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаментінің баяндамасы негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Осы демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімін 5 жыл деп белгілей отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін, Қытай Халық Республикасында және Украинада шығарылатын, ЕАЭО СЭҚ ТН 7210 49 000 1, 7210 49 000 9, 7210 61 000 0, 7212 30 000 0, 7212 50 610 0 және 7225 92 000 0 кодтарымен сыныпталатын ыстық тәсілмен мырышталған, гальваникалық немесе басқа да алюминий-мырыш қорытпалы жабыны бар, суықтай тапталған жалпақ прокатқа және ыстықтай тапталған жалпақ прокатқа қатысты № 1 қосымшаға сәйкес мөлшерлерде демпингке қарсы бажды енгізу арқылы демпингке қарсы шара қолданылсын.

2. Осы Шешіммен көзделген демпингке қарсы баж № 2 қосымшаға сәйкес тізбеде көрсетілген өндірушілер дайындайтын, осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген тауарға қатысты, декларантта тауарларға арналған декларация тіркелген күні тиісті өндірушінің уәкілетті қызметкері қол қойған және осындай өндірушінің мөрімен расталған № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіруші сертификаты болған кезде және оны кеден органына беру кезінде тауарларға арналған декларацияда осындай сертификат туралы мәліметтер мәлімделген кезде төленбейді деп белгіленсін.

3. Осы Шешімнің № 2 қосымшасында көзделген тізбе бойынша өндірушілер қабылдаған баға міндеттемелері мақұлдансын.

4. Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаменті:

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарына осы Шешімнің № 2 қосымшасында көзделген тізбеде көрсетілген уәкілетті қызметкерлердің қолдарының және өндірушілердің мөрлері бедерлерінің үлгілерін жіберсін;

осы Шешіммен көзделген баға міндеттемелерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырсын.

5. Еуразиялық экономикалық комиссияның Монополияға қарсы реттеу департаменті осы Шешіммен белгіленген демпингке қарсы шараны қолдану жағдайында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер өндірушілерінің бағаларды негізсіз көтеруіне жол бермеу мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ нарығында осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген тауарлар бағаларының мониторингін жүзеге асырсын.

6. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласында уәкілетті мемлекеттік органдары ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарын да, тауар атауын да басшылыққа ала отырып, осы Шешіммен көзделген демпингке қарсы баж алуды қамтамасыз етсін.

7. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 209 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Мырышталған прокатқа қатысты демпингке қарсы баж СТАВКАЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

Шыққан елі	Өндіруші	Демпингке қарсы баж ставкасының мөлшері (кедендік құнның пайыздары)
	Angang Steel Company Limited (Tiexi District, Anshan City, Liaoning Province, 114021, China)	17,00
	Shandong Esdawn Metal Technology Development Co., Ltd. (Economic Development Zone, Boxing County, Shandong Province, China)	15,12
	Xinjiang Bayi Iron & Steel Co., Ltd. (Xingang Rd., Toutunhe District, Urumqi, Xinjiang, China)	14,39
	DongE Yike Panel Co., Ltd. (South of Changjiang 1st Road, East of Xiangjiang Road, DongE Industrial Park DongE County, Liaocheng City, Shandong Province, China)	12,69
	Shandong Sino Steel Co., Ltd. (5 th Floor, Building 22, Shuiyue City, Chengyang District, Qingdao, China) Gansu Jiu Steel Group Hongxing Iron And Steel Co., Ltd. (No. 12, Xiongguan East Road, Jiayuguan	14,93

Қытай Халық Республикасы	City, Gansu Province, China) Dalian	14,93
	Posco Co., Ltd (Zhenpeng Industrial City 1-4-5, Dalian ETDZ, Liaoning Province, China)	14,93
	өзгелері	17,00
Украина	"ИЛЬИЧ АТЫНДАҒЫ МАРИУПОЛЬ МЕТАЛЛУРГИЯ КОМБИНАТЫ" жеке акционерлік қоғамы (87504, Донецк облысы, Мариуполь қаласы, Левченко көшесі, 1 үй, Украина)	23,90
	өзгелері	23,90

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 209 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

Баға міндеттемелері мақұлданған өндірушілердің ТІЗБЕСІ

Өндіруші	Міндеттемелер ұсынылған хаттың Еуразиялық экономикалық комиссияда тіркелген күні мен нөмірі
1. Angang Steel Company Limited (Tiexi District, Anshan City, Liaoning Province, 114021, China)	2019 жылғы 29 қараша № ДЗВР-307конф/AD-26
2. Shandong Esdawn Metal Technology Development Co., Ltd. (Economic Development Zone, Boxing County, Shandong Province, China)	2019 жылғы 29 қараша № ДЗВР-308конф/AD-26
3. Xinjiang Bayi Iron & Steel Co., Ltd. (Xingang Rd., Toutunhe District, Urumqi, Xinjiang, China)	2019 жылғы 29 қараша № ДЗВР-306конф/AD-26
4. DongE Yike Panel Co., Ltd. (South of Changjiang 1st Road, East of Xiangjiang Road, DongE Industrial Park DongE County, Liaocheng City, Shandong Province, China)	2019 жылғы 29 қараша ДЗВР-309конф/AD-26

5. Gansu Jiu Steel Group Hongxing Iron And Steel Co., Ltd. (No. 12, Xiongguan East Road, Jiayuguan City, Gansu Province, China)	2019 жылғы 29 қараша № ДЗВР-310конф/AD-26
--	---

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 209 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША
(нысан)

Өндіруші сертификаты

1. Өндіруші (атауы, мекенжайы)		2. Сертификаттың реттік нөмірі және берілген күні		
3. Экспорттаушы (атауы, мекенжайы)		ӨНДІРУШІ СЕРТИФИКАТЫ		
		4. Баратын елі		
5. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің импорттаушы – резиденті (атауы, мекенжайы)		6. Инвойс (нөмірі, күні)		
		7. ЕАЭО СЭҚ ТН коды	8. Көлік құралының нөмірі	
9. Тауар туралы мәліметтер				
№ п/п	Тауардың сипаттамасы, басқа ескертпелер (міндеттемелерге сәйкес тауардың түрлері көрсетіледі)	Нетто салмағы (тонна)	Бағасы (АҚШ доллары)	Құны (АҚШ доллары)
10. Мен, төменде қол қоюшы, осы сертификаттың 9-тармағында көрсетілген тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспорттау мақсатында сату қабылданған міндеттемелерді сақтай отырып жасалатынын растаймын. Мен осы сертификатта көрсетілген мәліметтер толық және дәл екенін растаймын.				

(күні)				

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Әа.)				
(М.О.)				

Ескертпелер:

1. Сертификат ағылшын тілінде толтырылатын сертификаттың 1 және 3-тармақтарын қоспағанда, орыс тілінде баспа тәсілімен толтырылады.
2. Сертификаттың қолданылу мерзімі оны берген күнінен бастап күнтізбелік 90 күнді құрайды.
3. Сертификаттың 4-тармағында Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес тағайындалған елі көрсетіледі.
4. Сертификаттың 6-тармағында кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын инвойстың нөмірі мен күні көрсетіледі.

5. Сертификаттың 8-тармағында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауар әкелінетін көлік құралының тіркеу нөмірі көрсетіледі.

6. Сертификаттың 9-тармағында цифрмен тауардың бір тоннасы үшін бағасы және міндеттемелерде көзделген сату схемасына сәйкес тауарды сатып алушы нақты төлеген немесе төлеуге жататын тауардың құны көрсетіледі.

7. Түзетулер және (немесе) толықтырулар қате ақпаратты сызып тастау және түзетілген мәліметтерді үстінен жазу арқылы сертификатқа енгізіледі, олар өндірушінің мөрімен расталады.

8. Сертификатта адамдардың қолдарының факсимилін пайдалануға, сондай-ақ осы ескертудің 7-тармағында көрсетілген тәртіппен расталмаған өшірулердің, түзетулердің және (немесе) толықтырулардың болуына жол берілмейді.

9. Сертификат мынадай жағдайларда жарамсыз деп танылады:

сертификаттың қолданылу мерзімінің күші жойылған;

сертификаттың нысаны осы қосымшада көзделген нысанға сәйкес келмейді және (немесе) сертификат осы ескертпелердің 1-8-тармақтарының талаптарына сәйкес толтырылмаған;

сертификатта көрсетілген мәліметтер тауарларға арналған декларацияда мәлімделген мәліметтерге сәйкес келмейді және (немесе) тауарды бір мағыналы сәйкестендіруді жүргізуге мүмкіндік бермейді;

сертификатқа қойылған қол және (немесе) мөр кеден органында бар қолдардың және (немесе) мөр бедерінің үлгілеріне сәйкес келмейді.